



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

29.08.2018 ж. № 466

Жаңаөзен қаласы

город Жанаозен

**Мүлікті қалалық коммуналдық
меншікке қабылдау және беру туралы**

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және «Маңғыстау облысы қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2018 жылғы 28 тамыздағы №02-06/91 «Мүлікті беру туралы» бұйрығы негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық коммуналдық меншіктен «Маңғыстау облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің теңгерімінен жалпы құны – 1 510 296 284,00 (бір миллиард бес жүз он миллион екі жүз тоқсан алты мың екі жүз сексен төрт) теңгені құрайтын осы қаулының қосымшасына сәйкес, «Жаңаөзен қаласының «Рауан» ықшамауданында 900 орындық мектебі» объектісі Жаңаөзен қаласының коммуналдық меншігіне қабылдансын, кейіннен Жаңаөзен қаласы әкімдігінің «№22 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берілсін.

2. «Жаңаөзен қалалық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Р. Джантлеуова):

мүлікті қабылдап алу-өткізуді жүзеге асырсын және тиісті құжаттарын рәсімдесін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С. Танаеваға жүктелсін.

Қала әкімі



Ә. Дауылбаев